



«БЕКІТЕМІН»

№ 296 орта мектеп директоры

Б.С.Тумурзаев

2026 ж

**№ 296 орта мектеп кітапханасының
2025-2026 оқу жылына арналған
жылдық жоспары**

Кітапхана меңгерушісі: Қалдыбекова А.Б
Кітапханашы: Сейдахан А.К

Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдарған өсиеті.

Кітап оқудан тиылсақ, ой-ойлаудан да тиылар едік

Ғ.Мүсірепов

Білім беру ұйымдары кітапхана қызметкерлерінің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Әлеуметтік маңызы бар бастамаларды, жобаларды және бірлесе жұмыс жүргізу үшін оқырмандардың қолжетімді жұмыс кеңістігін ұйымдастыру. Барлық санаттағы жастардың ақпараттық қажеттіліктерін жедел қанағаттандыру үшін үздік әлемдік тәжірибені пайдаланып, кітапханалардың жаңа заманауи үлгісін құру болып табылады

Міндеті:

- Жоспардағы атаулы күндерге сәйкес көпшілік жұмыстар жүргізу
- Оқу-тәрбие жұмыстарына ықпал ету
- Пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілермен, оқушылармен тығыз байланыста болу
- Сабақтан тыс уақытта оқырмандардың кітап оқуын, түрлі тәрбие сағаттарын, оқырмандар конференциялары мен дөңгелек үстелдерін ұйымдастыру
- Мектеп кітапханасының қорын жаңа әдеби шығармалармен толықтыру

**1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Р/С	ІС – ҚИМЫЛ АТАУЫ	ФОРМАСЫ	ОРЫНДАЛУ МЕРЗІМІ	ЖАУАПТЫЛАР
1	«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығына кітапханалар қызметін реттеу бөлігінде өзгерістер енгізу	БҒМ бұйрығы негізінде таныстыра бағытында вебинар сабақтар топтамасын өткізу	Қыркүйек , 2025 жыл	Облыстық білім басқармасы, қалалық білім беру ұйымдары кітапханашылар
2	«Білім беру жүйесінің кітапханаларына арналған кітапхана ісі жөніндегі құжаттарды бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2000 жылғы 17 тамыздағы № 827 бұйрығына кітапханалардың қызметін реттейтін мемлекетаралық стандарттар мен қағидаларға сәйкес келтіру бөлігінде өзгерістер енгізу	БҒМ бұйрығы негізінде таныстыра бағытында вебинар сабақтар топтамасын өткізу	Қыркүйек , 2025 жыл	Облыстық білім басқармасы, қалалық білім беру ұйымдары кітапханашылар

2. КІТАПХАНА ҚОРЫН ДАМУ

Р/С	ІС – ҚИМЫЛ АТАУЫ	ФОРМАСЫ	ОРЫНДАЛУ МЕРЗІМІ	ЖАУАПТЫЛАР
1	«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» ҚР Білім	БҒМ бұйрығы негізінде қорды қалыптастыру, тізімдер дайындау	Сәуір-мамыр, 2025 жыл	Облыстық білім басқармалары, қалалық білім беру ұйымдары кітапханалар

және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығына сәйкес жыл сайын отандық, шетелдік көркем, ғылыми, ғылыми-публицистикалық, ғылыми-фантастикалық, деректі, тарихи және т.б. әдебиет қорын жаңарту			
---	--	--	--

3. БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ КІТАПХАНАЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Р/С	Іс – қимыл атауы	Формасы	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Білім беру ұйымдары кітапханашыларының біліктілігін арттыру барысында арнайы курстардан өткізу	Білім беру бағдарламасы негізінде	2025-2026 жыл	РҒПК, Ұлттық академиялық кітапхана, Өрлеу
2	Кітапханашылардың кәсіби дамыту жұмыстарын ұйымдастыру: семинарлар, вебинарлар, конференциялар, курстар	РҒПО жоспары бойынша	2025 жыл бойына	Облыстық білім басқармасы, облыстық оқу орталығы, қалалық білім беру ұйымдары кітапханашылар
3	Білім беру ұйымдары кітапханаларының озық тәжірибесін тарату	Әдістемелік материалдар және бейнероликтер дайындау	Жыл бойы	Облыстық білім басқармасы, облыстық оқу орталығы, қалалық білім беру ұйымдары кітапханашылар

4	Педагогикалық кеңестердің, басқару органдары алқаларының отырыстарына кітапхана қызметіне қатысты мәселелерді шығару және талқылау	Кітапханашылар ұсынысы бойынша	Жылына 1 рет	Білім беру ұйымдарының кітапханашылары
---	--	--------------------------------	--------------	--

4. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕР ҚОРЫМЕН ЖҰМЫС

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі
1	Жаңа түскен әдебиеттерді қабылдау, мөр басу, тіркеу, титулдық бетке шифр жазу, кітаптарға қалташалар және қайтару мерзімі парағын желімдеу	Үнемі
2	Сыйлыққа берілген әдеби кітаптарды қабылдау, мөр басу және инвентарь кітабына тіркеу	Үнемі
3	Көркем әдебиет қорының сақталуын қадағалау: үнемі әдеби кітаптардың түгелдігін тексеру	Үнемі
4	Жаңа түскен әдебиеттерге кітап көрмесін ұйымдастырып насихаттап отыру	Үнемі
5	Кітапханадағы көркем әдеби қормен жұмыс: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Қорды эстетикалық талғамға байланысты бөлу (сөрелерге бөлу, әріптік бөлу, индекс жазу) ✓ Көркем әдебиеттерді ББК байланысты орналастыру; ✓ Тозығы жеткен, жыртылған әдеби кітаптарды есептен шығару (акт толтыру) ✓ Оқырмандардың алған кітаптарын уақытылы өткізуін қадағалау ✓ Кітапхана активтерін қатыстыра отырып, жыртылған кітаптарды қалпына келтіру Кітапхана қорын талапқа сай, белгіленген жүйе бойынша сақтау	Үнемі

5. АНЫҚТАМАЛЫҚ -БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі
1	Библиографиялық-анықтамалық есеп дәптері	Үнемі
2	Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану барысында оқушыларына кеңес беріп отыру	Үнемі
3	Көркем әдебиетті мазмұнына қарай тақырыптарға бөлу: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Мұғалімдерге әдістемелік көмек ✓ Анықтамалықтар ✓ Әлемдік классика ✓ Ұлы тұлғалар ✓ ҰБТ, олимпиада бұрышы 	Үнемі

4	Интернет желісінен қажетті мәліметтерді алу	Үнемі
---	---	-------

6. ОҚЫРМАҢДАРМЕН ЖҰМЫС

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі
1	Абонементте оқырмандарға, оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға, техникалық қызметкерлерге қызмет көрсету	Үнемі
2	Оқырмандарды кітапханаға жазу (оқырман формулярын толтыру), оқырманмен кітапхананы пайдалану ережесі туралы әңгімелесу <ul style="list-style-type: none"> ✓ ашық кітап таңдауы жағдайында кітап сөресі жанында оқырмандармен әңгіме өткізу, кеңес беру; ✓ оқырмандардың ауызша талабы бойынша әдебиеттерді іріктеу; тапсырыс бойынша әдебиетті іріктеу	Үнемі
3	Оқырман формулярын талдау; арнайы сұрақтар қою арқылы жауап алу, бақылау, әңгімелесу жүргізу	Үнемі
4	Оқырмандар қайтарған кітаптарды қабылдау (оқырман формулярын табы, кітаптың қайтарылғандығы туралы белгі соғу, кітап беттерінің түгелдігін тексеру, формулярды басылымға салу).	Үнемі
5	Кітапты беру кезінде ұсыныс әңгімесін жүргізу	Үнемі
6	Оқыған кітабы туралы әңгімелесу	Үнемі
7	Жаңадан қорға түскен кітаптар, анықтамалықтар туралы әңгіме өткізу	Үнемі

7. КІТАПХАНАДАҒЫ ОҚУЛЫҚТАР ҚОРЫМЕН ЖҰМЫС

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі
1	Оқулықтың айналымын тексеру. 2025-2026 оқу жылында оқушылардың оқулық, мұғалімдердің оқу әдістемелерімен қамтылу диагностикасын жасау. Мектептің оқу кезіндегі оқу - әдістемелікпен қамтылуы жайлы анықтама жазу.	Қыркүйек - қазан
2	Қалалық білім бөлімінен бөлінген оқулықтарды дер кезінде алып, кітапхана есеп кітабына тіркеп, белгі соғып отыру	Үнемі
3	Оқушыларға оқулықты тарату. Оқу бағдарламасына сәйкес оқушылардың барлығын мүмкіндігіне қарай оқулықпен толық қамтамасыз ету. Оқулықтарды жинау.	Қыркүйек – мамыр
4	Оқулықтардың библиографиялық құрылымын құрастыру:	Үнемі

	<ul style="list-style-type: none"> • Мектептегі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары мен әдістемелік орталықтың жетекшілерімен бірлесе отырып жалпы мектепке қажетті оқулықтарға тапсырыс беру; • Бірлесе отырып дайындалған оқулыққа тапсырыс мектеп директорының бекітуімен әдіскерге тапсырылады; • Кітапханаға келген оқулықтарды қабылдау және техникалық өңдеуден өткізу: А) оқулықты қабылдау; Б) накладной толтыру; В) инвентарлық кітапқа енгізу; Г) мөр басу; 	
5	Оқулық қорының сақталуын қадағалау (сыныптардағы оқулықтарды тексеру)	Үнемі
6	Оқулықтарды таза ұстауға сынып аралығында жарыстар өткізу	Үнемі
7	Жыртылған және оқу бағдарламасына жарамсыз оқулықтарды есептен шығару.	Желтоқсан
8	Басқа мектеп кітапханаларымен үнемі байланыста болып, жоқ оқулықтарды уақытша пайдалануға алу	Үнемі
9	Баспасөз көрмелері, газет-журналдарынан материалдар жинақтау	Үнемі

8. КІТАПТАР МЕН ӘДЕБИЕТТЕРДІ НАСИХАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ІС -ШАРАЛАР

№	Өткізілетін іс- шараның мазмұны	Орындалу уақыты	Жауапты	Мақсаты
---	---------------------------------	-----------------	---------	---------

1	«Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында "Менің сүйікті кітабым" Оқырман бенефисі	Қараша	Кітапханашылар Сынып жетекшілер	Алмасып кітап оқу. Кітап оқуға тарту
2	Атаулы күндер айлағы. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл	Қараша	Кітапханашылар	Міржақып Дулатовтың өмірімен, шығармаларымен балаларды сусындату. Кіші буын жас ұрпақтарға патриоттық рух беріп, адамгершілік қасиеттерге баулу
3	«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл толуына орай «Мен оқыған бір кітап» READx жобасы	Желтоқсан	Кітапханашылар	Оқырманды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, тіл байлығын дамыту. Жас ұрпақты кітап оқуға қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәнерін дамыту, кітапты сүйеге баулу
4	16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Желтоқсан жаңғырығы» кітап көрмесі	Желтоқсан	Кітапханашылар	Оқушылардың ойында елжандылық сезімін қалыптастыра отырып, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, тіліміз бен тарихымызға құрметпен қарауға тәрбиелеу.
5	Көрнекті ағартушы, тарихшы, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл кітап көрмесі	Қаңтар	Кітапханашылар	Шоқан Уәлихановтың өмірімен, шығармаларымен балаларды сусындату
6	«Оқуға құштар-мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында «Сыр сұхбат» Жергілікті ақын жазушылармен	Қаңтар	Кітапханашылар Сынып жетекшілер	Ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу.
7	«Ұмытылмас Мұқағали өлеңдері» Поэзия кеші	Ақпан	Кітапханашылар	Оқушыларға қазақтың біртуар тұлғасының бірі – Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беріп, ақын өлеңдерінің мазмұнын ұғындыру, өлеңді мәнерлеп жатқа оқыту.

8	«Оқуға құштар-мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында «Жыр алыбы-Жамбыл» Жамбыл Жабаеттың туғанына 180 жыл Әдеби лото	Ақпан	Кітапханашылар	Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаеттың мол мұрасын насихаттау.
9	14 ақпан –Халықаралық кітап сыйлау күніне байланысты «Шын жүректен кітап сыйла» Челлендж	Ақпан	Кітапханашылар Сынып жетекшілер	Кітап – сарқылмас рухани қазына екенін, білімнің тек қана кітап арқылы берілетінін ұғындыру;кітаптың адам өміріндегі маңызы, кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітап оқуға құмарландыру,оны күтіп ұстауға дағдыландыру;
10	Қош келдің Әз-Наурыз. Кітап көрмесі	Наурыз	Кітапханашылар	Қазақтың салт- дәстүрлерін насихаттау
11	«Оқуға құштар мектеп –оқуға құштар ұлт» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында Оқырман көшбасшысы. Интеллетуалды сайыс 8-11 сыныптар	Наурыз	Кітапханашылар	Оқушылардың ойлау, есте сақтау, қайта жаңғырту қабілеттерін дамытумен қатар кітапқа деген қызығушылығын арттыру, білім деңгейін көтеру.
12	«Табиғатты аялайық » кітап көрмесі	Сәуір	Кітапханашылар	Оқушыларға табиғат ұғымының мәнін түсіндіру, танымдық қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өз ойын жеткізе білуге, табиғатты аялауға, сүйеге тәрбиелеу.
13	«Оқуға құштар мектеп -оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл	Сәуір	Кітапханашылар	Кітаптың адам өміріндегі маңызы, кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітап оқуға құмарландыру,оны күтіп ұстауға дағдыландыру;
14	23 сәуір халықаралық кітап күні «Кітап -асыл қазына» танымдық сағат	Сәуір	Кітапханашылар	Кітаптың рухани асыл қазына екендігін, балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру;Оқушылардың ойлау, есте сақтау, қайта жаңғырту қабілеттерін дамытумен қатар кітапқа деген қызығушылығын арттыру, білім деңгейін көтеру

15	«Ерлік -елге мұра,ұрпаққа ұран» Кітап көрмесі	Мамыр	Кітапханашылар	Отанды сүйеге, елжандылыққа, табандылыққа, адалдыққа, шыншыл болуға, батырларын тани білуге, Отанды қорғай білуге, белсенділікке, әскери іске сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
16	«Оқырмандар отбасы» сайысы	Мамыр	Кітапханашылар Сынып жетекшілер	Отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу,отбасының қатынасты және ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізу, олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру.
17	31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні «Тарихтан тағылым- өткенге тағзым» Кітап көрмесі	Мамыр	Кітапханашылар	Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандары туралы мәлімет алады
18	Оқулықтарды жинау	Мамыр	Кітапханашылар	

Кітапхана белсенділерімен жұмыс

1. Кітапхана белсендісінің жұмыс жоспарын құру.
2. Бұқаралық шараларға қатысу.
3. Борышкерлермен жұмыс, сыныптар бойынша рейдтер (оқулықтарды тексеру).
4. Тазалық күндерін өткізу (ай сайын).